

ЖАҢА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ЖОБАЛАР  
ЖАСТАРҒА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



3

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА 2022 ЖЫЛДЫҢ  
ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



4-5

ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЕШҚАШАН  
ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



6



# Embi ТЫНЫСЫ



№21 (105)  
ЖЕЛТОҚСАН  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

2

0

2



3

## Құрметті әріптестер!

### Сіздерді келе жатқан Жаңа 2023 жылмен құттықтаймыз!

Өткен 2022 жыл - кең байтақ Отанымыз үшін саяси өзгерістер мен жаңа бастамалардың бастауы болған айрықша белес. Жалпы қазақстандық мұнай-газ саласы үшін елеулі кезең болды. Қазақ жерінде мұнай-газ өнеркәсібі дамуының бастамасы болған, егемен Қазақстан экономикасының негізі болып табылатын «EmbiMunayGas» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойы аталып өтті.

Ембіліктер үшін бұл жаңа мерейтойлық дата емес. Еңбекпен бақыт тапқан, күллі саналы ұрмырын аңызға пен ақ боранның астында өткізген бабалар рухына тағзым, туған ел алдында есеп беру сынды қастерлі борыштарды арқалаған ерекше жыл болды.

Ғасыр бойы қазақ мұнайының тасқыны да, оны ел игілігіне жараптар игілікті істері де әсте толастаған жоқ. Мерейтой аясында ұйымдастырылған шараларда мұнайлы Ембінің жетістіктері кеңінен паш етілді. Ауқымды жобалар жүзеге асты. Бұлардың барлығында да ғасырлық тарихта қалтаңбасын қалдырған әрқайсысыңыздың үлесіңіз бар.

Қызметтің өзге бағыттарында да табысты көрсеткіштеріңіз қол жеткізген ембіліктердің ерен еңбегі үлгі.

Келер Жаңа 2023 жыл Сіздің барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктеріңіз толы болсын.

Сіздерге зор денсаулық, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке, ашық аспан, шуақты күндер тілейміз.



ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметпен, «EmbiMunayGas» АҚ басшылығы



**Бас редактор бағанасы**

**Қадірменді оқырмандар!**  
**Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз!**

Өткен жыл жақсы жаңалықтарымен есте қалып, тағы бір тарих парағына айналып отыр. 2022 жыл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін көптеген жағымды оқиғаларға толы, береке мен бірлік, тұрақтылық пен татулық өркен жайған, Компанияның ғасырлық тойы аталып өткен сәтті, мерейлі жыл болды.

100 жылдық мерейтойға орай кәсіпорында ауқымды жұмыстар қолға алынды. Ол шаралар мен жетістіктер, жүзеге асқан жобалар газетіміз арқылы қалың оқырманға жеткізіліп отырды.

Мұнайлы Ембімен бірге жасасып, Компания өмірінің айқын, жарқын тұстарын, жаңалықтарын насихаттап келе жатқан корпоративтік басылым «Ембі тынысы» газеті түрлі рубрикалар ашып, қазіргі күні кеңінен серпіліп жұмыс атқарып жатыр. Мазмұны мен тақырыптық қамтылуы жағынан да Бас компаниялар тарапынан жоғары бағаларға лайық деп танылуда.

Әрине, әр жетістіктің, тынған істің артында адамның, яғни, сіздердің үлестеріңіз бар екендігі даусыз.

Жыл бойына «Ембі тынысымен» бірге болып, редакциямызға хат жолдап, жаңалықтарыңызбен бөліскен, қолдаушы, қолданушы оқырманымыз болып, бірліктің тірліктің танымдығын танытқан әрбіріңізге шынайы алғысымызды білдіреміз!

Сіздер асыға күтетін «Ембі тынысы» газетін дайындайтын Қоғаммен байланыс тобы Компанияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын да белсенді жүргізіп келе жатқанын атап өтеміз. Сіздердің тараптарыңыздан болған тың жобалар, жағымды жаңалықтар төл басылымымызбен қатар «Фейсбук», «Инстаграм», «Телеграм», «YouTube» парақшаларында да тұрақты жарияланып отыратынын қаперлеріңізге береміз.

Келер жылы да корпоративті басылым жаңа шығармашылық бағыттармен қуантпақ. Біз Сіздерден хаттарды, естеліктерді, өлең-жырларды асыға күтеміз.

«Ембі тынысымен» бірге болыңыздар!

**Құрметпен, Айгүл Ертлеуова,**  
**бас редактор**

**Адам өмірі мен саулығы – басты құндылық****ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ –  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ**

**Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің ұйымдастыруымен өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың орындалуы туралы есеп беру жиыны өтті.**



Жиынға Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев, бас технолог Марат Елеусінов, өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің (ӨҚБ) бас инженерлері, департамент директорлары, «Ембімұнайгаз» АҚ бөлім басшылары мен өрт қауіпсіздігі мамандары қатысты.

Күн тәртібінде ӨҚБ-дың өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында ағымдағы жылдың 11 айында атқарылған жұмыстар туралы есептері, 2022-2024 жылдарға арналған өрт қауіпсіздігінің кешенді жоспарын іске асыру және бақылаушы мемлекеттік органдарды тексеру барысында анықталған нұсқауларды орындау мәселелері қаралды.

Жиынды Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Қ.Қасымғалиев ашып, ӨҚБ басшыларының назарын қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындау кезінде өндірістік бақылауды күшейту қажеттілігіне, ықтимал тәуекелдерді міндетті және сапалы талдауға және осындай жұмыстар бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде барлық қауіпсіздік шараларын жоспарлауға аударды. Қауіпсіздік техникасын сақтау жөніндегі мақсатты нұсқаулықтардың сапасына, қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде барлық қажетті

жеке қауіпсіздік құралдарының болуына назар аударуды ұсынды.

Ол өз сөзінде «Доссормұнайгаз» және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-да орын алған және жұмысшылардың жарақат алуына әкелген 3 апаттың негізгі себептерін ашып берді. Сонымен қатар, қызметкерлер өмірінің құндылығы мен маңыздылығына баса мән беріп, Қоғамның әрбір қызметкері өзінің денсаулығы мен өміріне қауіпті деп санайтын, сондай-ақ, оның және әріптестерінің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жұмысты тоқтатуға толық құқығы бар екенін атап өтті.

Одан әрі ӨҚБ бас инженерлері өндірістік бақылау бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады, жұмыс қорытындылары мен үшінші және төртінші деңгейдегі тұрақты комиссияның (ПДК) 11 айдағы тапсырмаларының орындалуын, ағымдағы жылы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылаушы органдардың ағымдағы жылға жүргізген аудиті барысында анықталған нұсқауларды орындау бойынша ағымдағы өндірістік мәселелер туралы баяндады.

Жиынды қорытындылаған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек

Каримов өз баяндамасында «Ембімұнайгаз» АҚ тұрақты комиссия барысында мұнайгаз өндіру басқармаларының, «Ембімұнайэнерго» және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларының нысандарында орын алған және қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыруға жүйелі көзқарасты және өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік талаптарды сақтауды талап ететін бірқатар бұзушылықтарды атап өтті.

Ол өрт қауіпсіздігінің 2022-2024 жылдарға арналған кешенді жоспарының қысқа мерзімді және орта мерзімді іс-шараларын толық орындау қажеттілігіне, ӨҚБ нысандарында өткізілетін оқу сабақтарының сапасы мен санына ерекше тоқталды.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылаушы органдарды тексеру барысында анықталған бұзушылықтардың алдын алу және жою қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі деңгейінің көрсеткіші «HSE тиімділік деңгелегі» («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық еншілес ұйымдары арасында еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімділік) жақсартуға тікелей әсер етеді.

**Есеп беру****ҚАУІПСІЗДІККЕ БАСЫМ БАҒЫТ**

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде компания бойынша ағымдағы жылдың 11 айындағы еңбекті қорғау көрсеткіштері талқыланып жиын өтті. Басқосуға Бас технолог Марат Елеусінов, өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің (ӨҚБ) бас инженерлері, департамент директорлары, «Ембімұнайгаз» АҚ бөлім басшылары мен еңбекті қорғау жөніндегі мамандары, кәсіподақ комитеттері жетекшілері қатысты.

ӨҚБ бас инженерлері аталған кезеңдегі басқармалардың көрсеткіштеріне тоқталды. Әсіресе, «Қорғау» картасы бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы, өндіріс нысандарында және көлік жүргізу кезінде қауіпсіздік техникаларының сақталуы туралы кеңінен баяндады.

Жиынды қорытындылаған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов қызметкерлер – компанияның ең жоғары құндылығы екенін атап өтті.





# Жаңа интеллектуалдық жобалар жастарға таныстырылды

Қазақ мұнайының қарашаңырағы «Ембімұнайгаз» АҚ -ның 100 жылдығының аясындағы жыл басынан бастау алған мерекелік шаралар әлі жалғасуда. Компанияның тарихынан сыр шертетін «Ембі - ел ырысы» көркем - деректі фильмі көрерменге жол тартқаны жөнінде хабарлаған болатынбыз. Жуырда Сафи Өтебаев аяндағы Атырау мұнай және газ университетінің арнайы шақыртуымен С.Балғымбаев орталығында болашақ мұнайшы студенттерге туындының таныстырылымы өтті.



Айта кетейік, көркем-деректі фильмде- компанияның 100 жылдық бай тарихы суреттелген. Қара алтынды тапқаннан бастап, өндірудегі мұнайшылардың ерен еңбегі, қажырлы жұмысы баяндалады. Көркем - деректі фильм қысқа метражды. 10 сериядан тұрады.

Фильм Алматы, Астана қалалары мен Атырау облысының аумағында түсірілген.

- Фильмнің әсері өте жоғары болды. Бізді, әсіресе, «фильм көрермендерге қалай әсер етеді?» деген сұрақ

мазалады. Қобалжыдық. Өйткені, 100 жылдық тарихыбар компанияның көркем-деректі фильмін түсіру оңай шаруа емес. Бірнеше талқылау жиындары өтті. Үлкен жұмыс атқарылды. Дегенмен, көрермендердің көңілінен шығып жатыр. Сын сөздер естіген жоқпыз. Осынау құнды фильмді жарыққа шығарғанымыз үшін алғыс естіп жатырмыз. Біз үшін бұл – үлкен мәртебе, - дейді **«Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.**

Мұнайшылардың жетістігін дәріптеу, жастарға таныту, ірі кен орындарын ашқан тұлғалардың есімін ұлықтау мақсатында дайындалған фильм студенттерге болашақ мамандықтарының бағытын айқындап, бағдар берді.

- Біз сияқты болашақ кәсіби мамандар, мұнайшылар үшін фильмнің берері мол. Біздің қызметке деген қызығушылығымызды оятты. Әсер керемет, - дейді **университет студенті Куаныш АМАНТАЕВ.**

Фильм көрсетілімінен соң университет ректоры Г.Шауликова, ұстаздар Г.Мұханғалиева, У.Қойбақова, Г.Байжігітова, студенттер алған оң әсерлерімен бөлісіп, фильмнің жалғасын түсіру, ағылшын тіліне аударып, қазақстандық мұнай-газ саласы тарихын шетелдерде насихаттау және т.б. ұсыныстарын ортаға салды.

Сонымен қатар, **Химия-биология бағытындағы Назарбаев мектебінде мектеп оқушыларына арналған оқу-анимациялық бағдарламасының таныстырылымы өтті.** Яғни, енді Атыраудағы мектептерде оқушыларға арналып, қара алтын өндірісінің қыр-сырын паш ететін қосымша сабақ өткізіледі. Білім бағытындағы қанат қақты бастаманы да «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің ғасырлық мерей тойына орай жүзеге асырды.

Ембі өндірісінің ғасырлық тарихынан сыр шертетін интеллектуалдық жоба

білім саласының мамандарымен бірігіп дайындалды. Оның игілігін 7-11 сынып оқушылары көреді. Бейнеролик мұнай тақырыбына қызығып жүрген Данаға да ерекше әсер қалдырды.

- Өте қатты ұнады. Біріншіден, мұнай саласына қызығушылығым салмақты болғандықтан, өндірістік орындар, олардың маңызы, сондай-ақ, қалайша біздің өмірімізге мұнайдың әсер етеді деген сұрақтарға мен өзіме жауап алдым, - дейді **Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Дана АМАНГЕЛДІ.**

Бағдарлама анимациялық форматқа негізделген. Қабылдау жеңіл әрі ыңғайлы. Онда Ембінің қатпарлы тарихы мен мұнайшылардың қажырлы еңбегі, еліміздің өзге өңірлеріндегі қара алтын кеніштері туралы толық ақпарат беріледі.

- «Неліктен анимациялық формат» дейтін болсақ, бұл әдіс – мектеп оқушыларының талғамына сай, қызығушылығына дәл келетін әдіс болып табылады.

Курсты дайындау барысында Атырау қалалық білім бөлімінің сарапшыларының кеңестеріне жүгініп, оқу бағдарламасының талаптарына сай дайындалды, - дейді **«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас технологы Марат ЕЛЕУСІНОВ.**

Бағдарлама қаладағы 60-тан астам мектепке таратылады. Оқу жүйесіне келер жылдан бастап енгізіледі.





# «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА 2022 ЖЫЛДЫҢ



«Ембімұнайгаз» АҚ-да жыл сайынғы дәстүрлі «Жыл адамы-2022» шарасы өтіп, жыл үздіктерінің есімдері белгілі болды.

Символикалық статуэткалар 15 аталым бойынша жеңімпаздарға тарту етілді. Үздіктердің үздіктері еңбек нәтижелері мен өндірістік көрсеткіштердің тұрақты орындалуына қосқан жеке үлесі, кәсіби шеберлік деңгейі бойынша анықталды.

- Бұл шараның мақсаты – еңбек озаттарын марапаттау ғана емес, сонымен қатар, осы арқылы басқа қызметкерлерді де жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге ынталандыру. Биыл біздің компания 100 жылдық мерейтойын атап өтті және бүгінгі жетістіктерімізге, ең алдымен, ұжымның тұрақтылығының, ұрпақтар сабақтастығының және ортақ мүддеге жұмылудың арқасында қол жетті, - **«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА.**

Естеріңізге сала кетейік, «Жыл адамы» шарасы алғаш рет «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2020 жылы ұйымдастырылған болатын. Онда COVID-19 пандемиясы кезінде үздік еңбек үлгісін көрсеткен өндіріс қызметкерлері болды.

Сонымен қатар, жыл бойына еселі еңбектерімен көзге түскен бір топ қызметкерге Алғыс хат табыс етілді. Және KAZENERGY қауымдастығының төсбелгісімен «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Бекет Губайдуллин марапатталды.

## НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:



**«Жыл тануы» номинациясы – Балмаш Жақсыбаева,**  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның басқарма бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;



**«Жылдың үздік топ-менеджері» номинациясы – Қуандық Калидуллин,** әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;



**«Жыл басшысы» номинациясы – Қайнар Қоданов,** «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы;



**«Жылдың үздік менеджері» номинациясы – Толқын Дауова,** «Ембімұнайгаз» АҚ активтер мониторингі секторының жетекшісі;



**«Жыл тәлімгері» номинациясы – Жұмабай Абдулов,** «Доссормұнайгаз» МГӨБ басқармасының энергетика бөлімінің бастығы;



**«Жыл шебері» номинациясы – Бағдат Өтежанов,** «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Прорва» аудандық электр торабының шебері;



# ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



**«Жыл цех бастығы»** номинациясы - **Адай Сарғалиев**, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Доссордағы мұнайды дайындау және айдау цехының бастығы;



**«Жыл шебері»** номинациясы - **Әскер Кизбасаров**, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехының №2 бригадасы Қошқар кен орнының мұнай газ және конденсат өндіру шебері;



**«Жыл шебері»** номинациясы - **Равиль Есмұханов**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының (жерасты, күрделі) ұңғымаларды жөндеу шебері;



**«Жыл цех бастығы»** номинациясы - **Қанат Нұрмашев**, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның № 2 «Терең-Өзек» мұнай және газ өндіру цехының бастығы;



**«Жыл цех бастығы»** номинациясы - **Талғат Қизатов**, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның мұнайды дайындау және айдау цехының бастығы;



**«Жыл серіктесі»** номинациясы - **Әлия Дәулетбаева**, Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының қызметкері;



**«Жыл цех бастығы»** номинациясы - **Бақтығали Қаймышев**, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары;



**«Жылдың үздік менеджері»** номинациясы - **Әзидолла Ахметов**, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру бөлімінің бастығы;

**«Жыл шебері»** номинациясы - **Ғалымжан Исамберлі**, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай мұнай және газ өндіру цехының (қабат қысымын ұстау жөніндегі) шебері;



**РЫСТЫ ТАСМАҒАМБЕТОВА, «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ:**

## ЕЛІГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

**Биыл отандық мұнай өндіруші компания- «Ембімұнайгаз»  
АҚ үшін тарихи жыл болды. Компания өзінің 100 жылдық  
мерейтойын атап өтті. Бүгінгі сұхбатымызда мерекелік  
шаралардың қорытындысына шолу жасауға тырыстық.**

*- Айналамызға зер сала қарасақ, елімізде 100 жыл бойы үздіксіз жұмыс істеген кәсіпорын өте сирек. Қазақ мұнайының бастауында тұрған – «Ембімұнайгаз» АҚ ғасырлық тойын атап өтіп отырған сол аз ғана кәсіпорынның қатарынан. Сонымен, қазақ мұнайының қарашаңырағы - «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің ғасырлық мерейтойын қалай атап өтті?*

- Біз мерейтойымызға мұқият дайындықпен келдік. «Не істейміз, жұртқа не ұсына аламыз?» деген сауалдар төңірегінде кең ақылдастық. Айта кету керек, бас компания тарапынан үлкен қолдау көрдік. Ұйымдастыру жұмыстарына Астана, Алматы сынды ірі қалаларда еңбек етіп жатқан мамандар мен еліміздің мұнай-газ саласында, соның ішінде, Ембі өндірісінің қалыптасуында, дамуында зор қолтаңбасы бар майталман мұнайшылар да тартылды. Мен бүгінгі сұхбатты пайдалана отырып, нәтижесін тапқан шараларды зор мақтанш сезіммен айтамын. Себебі, біз отандық мұнай өндіруші компанияның ғасырлық тойын жоғары, республикалық деңгейде атап өтуге қол жеткіздік.

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады. Біз компанияның ғасырлық тойында ұлттық мәдениетіміздің жарқын беттерін көрсетуді мақсат еттік.

Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық қазақ драма театрында композитор, жазушы, өнертанушы, суретші, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақановтың «Аққулар қонған айдын көл» атты шығармашылық кеші өтті. Илья Жақановтың өмір жолы мен шығармашылығынан дайындалған театрландырылған қойылым ембілік мұнайшыларға, әсіресе, өндірістен келген қарапайым еңбек адамдары үшін керемет өнер кеші болды. Жұмысшылар бір серпіліп қалды десем, артық айтқандық болмас.

Ембілік мұнайшыларға тарту етілген тағы бір өнер кеші - Компанияның арнайы шақыртуымен М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры ұжымы Атырауға гастрольдік сапармен келді.

Махамбет атындағы қазақ академиялық драма театрында үш күнге созылған өнер кешінде ұлттық драма театрының ұжымы үш қойылымды сахналады. Театр қойылымдарына сусап қалған атыраулықтар, соның ішінде уақытының дені дала төсінде өтетін мұнайшылар үшін бұл бір ерекше кездесу болды. Үш күн бойы мұнайшыларға рухани ләззат сыйлаған театр ұжымына алғысымыз шексіз. Біз расында да өнерден, театр қойылымдарынан сусап қалыппыз.

*- «Қазақ ұлтының алғашқы жұмысшы табы» деп біздер ембілік мұнайшылардың қалыптасуына қатысты айтамыз. Мерекелік шарада мұнайшылар әулеттеріне көрсетілген құрмет туралы айта кетсеңіз?*

- Махамбет атындағы академиялық драма театрында ұйымдастырылған «Мұнайлы өңірдің мәуелі бәйтерегі» атты салтанатты шара мерейгер компанияның дәстүрлі бастамаларының жалғасы болды. Жиын барысында тағдырын туған жердің ырыс-несібесін еселеумен байланыстырған, адал кәсіпті атадан-балаға мирас еткен, ғұмыр шежіресі ғасырдан астам уақытқа созылған мұнайшылар династиялары, кешегі күндердегі табысты еңбек иелерінің жасампаз еңбек жолдары бүгінгі жастарға үлгі етілді.

*- Ғасырлық тойға - «Мұнайшылар даңқы» аллеясының салынуы – ембілік ардагерлердің көптен бері көтеріп жүрген мәселесі. «Мұнайлы астана» деп мәртебесін алған Атырау облысында ел экономикасының күретаымы саналатын мұнай-газ саласының негізін қалаушыларға, майталман мұнайшыларға арналған аллеяның іске қосылуы – мұнайшылардың көптен күткен жаңалығы.*

- «Мұнайшылар даңқы» аллеясы – Ембі өндірісінің алғаш қалыптасып, даму кезеңдеріне арналған тарихи ескерткіш. Иә, ардагер мұнайшыларымыз Атырау қаласының орталық көшелерінің бірінен «Мұнайшылар даңқы» аллеясын салу – қара алтын өндірушілерге көрсетілген құрмет деген жәйтті көптен бері айтып жүрген. Ембілік ардагерлермен ақылдаса келе, Атырау қаласындағы Д.Нүрпейісова атындағы мәдениет үйі мен қаламыздың орталық көпіріне дейінгі аралықта аллея бой көтерді. Дәл осы жер аумағының таңдалып алынуында үлкен мән бар. Сонау 30 жылдарда «Эмбанефть» тресінің алғашқы бас кеңсесі осы жерде салынып, бүгінде елге танымал, өмір жолдары көпке үлгі майталман мұнайшылар еңбек жолдарын бастаған жер.

Аллеяның орталық бөлігіндегі «Мұнай тамшысы» монументтің айналасында құрғақ су бұрқақтары да аллеяның сәнін аша түскен. Аллеяның орталығында орналасатын 47 флаштоктың өзінің тарихы да бар. Бұл Ембі өндірісіндегі 47 кен алаңының тарихын меңзеп тұр.

*- «Ерекше балаларға - ерекше қамқорлық» деген ұранмен ауқымды қайырымдылық шарасының жоғарғы деңгейде ұйымдастырылғанынан хабардармыз. Осы жөнінде толығырақ айтып берсеңіз.*

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның қаржылай қолдауымен «Жүректен – жүрекке» қоры Атырау қаласында «Жүрек жылуы» жобасы ұйымдастырылды. Аталмыш жобаның мақсаты – ауыр науқасқа шалдыққан балаларға медициналық көмек көрсету. Арнайы шақыртумен Атырауға Өзбекстан Республикасынан бір топ дәрігер келді. Олардың қатарында балалар генетологы, уролог, эндокринолог және эпилептолог мамандары бар. Апта бойы Ташкент қаласындағы емдеу мекемелерінің жетекші мамандары мүмкіндігі шектеулі кішкентай науқастарды тексеріп, емдеді. Төрт күн бойы 600-ге жуық ерекше бала арнайы келген дәрігер мамандардың қабылдауында болды. Біз Өзбекстаннан ерекше балаларға қажет мамандарды арнайы шақырдық. Себебі, кез келген ата-ананың балаларын басқа қалаларға апарып, кеңес алу және емдеуге мүмкіндігі бола бермейді. «Ембімұнайгаз» АҚ қолдауымен ұйымдастырылған «Жүрек жылуы» жобасы өте өзекті, уақытылы және мүмкіндігі шектеулі балаларға шетелдік жетекші дәрігерлерден кешенді диагностикадан өтуге жақсы мүмкіндік берді.



Сонымен қатар, аталмыш жоба аясында Польша, Италия, Қытай, Швеция, Германия елдерінен ерекше күтімді қажет ететін балаларға 35 арба (коляска) сатып алынды. Қайырымдылық жоба аясында, арбалардың барлығы әр баланың диагнозына, бой-салмағына арнайылап алынған. Арбалардың басым бөлігі аудандарда мекен ететін ерекше балаларға тарту етілді. Сонымен қатар, бірнеше балаға ортопедиялық аяқ киімдер табысталды. Осы сауалыңызға жауапымды түйіндейтін болсам, ерекше балаларға Атырауда тапшы, нағыз керек мамандарға қаралуға мүмкіндік бердік деп есептейміз.

Мұнайлы өңірдегі әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларында тәрбиеленіп жатқан 250-ге тарта балаға мектепке қажетті құралдардан көмек көрсету қолға алынды. 100 жылдықтың аясында өткен биылғы «Мектепке жол» акциясын ембіліктер жергілікті әкімшілікпен бірлесе отырып, Атырау қаласы, Мақат, Жылыой, Қызылқоға, Исатай, Индер, Махамбет және Құрманғазы аудандарының мектеп оқушыларына көмектер көрсетілді.

*- Әр мерейтойдан, мерекелік шарадан қалатын құнды естелік – кітап деп есептейміз. Бұл орайда, қарапайым еңбек адамына жасалған үлкен құрмет -ғасырға тарта уақытта Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуында зор үлестері бар мұнайшыларға көрсетілген мадақ деп бағалауға болар.*

- Иә, қарапайым еңбек адамына лайықты құрмет көрсету- әр кез назарда болу керек. «Ғасыр – Ғұмыр» атты компанияның ғасырлық тойына арнап жылнама шығардық. Кітаптың әр жолы, әр парағы 100 жыл бойына шыдамдылық пен табандылық таныта отырып, мұнай өндірудегі үлкен және кіші жеңістерге қол жеткізген ұлы және қарапайым еңбеккерлерге деген біздің естелігіміз бен терең құрметіміз. Жылнаманың бастамашылары Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуында қолтаңбалары бар, мұнайшылар- кен алаңдарын алғашқы ашушылар, Еңбек Ерлері мен мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, алғашқы басшылар, жоғары марапат иелерінің, өндіріс озаттарының есімдерін еске сақтауды мақсат етіп, олар туралы қысқаша деректерді енгіздік. Ғасырлық тойымыздың тағы бір жаңалығы - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойына арналған «Әр сурет-жеке тарих» атты жобасын іске қостық. Қазақ мұнайының қарашаңырағы – Ембі өңіріндегі кешегі мен бүгінгі күндерді жалғап жатқан табысты еңбектің батырлары: Социалистік Еңбек Ерлері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, кен орындарының алғашқы ашушылары, сонымен қатар, бүгіндері табысты еңбектерімен ерекшеленген жас мамандар туралы қысқаша деректер бейнеленген 100-ден астам баннер Атырау қаласының көшелерінде орнатылды. Жобаны жүзеге асыру арқылы компания ембілік мұнайшылардың ғасырға толы жүріп өткен тағылымы мол жолдарын қарапайым еңбек адамының бейнесі арқылы көрсетуді мақсат еттік.

Осы мерекенің аясында 3 бірдей жаңа интеллектуалдық жобалардың тұсауы кесілді. Олар: «Ембі – ел ырысы» көркем-деректі фильм, «Оқу-анимациялық бағдарлама» және «Тарихи портал» жобалары. Бұл жобалар – компания тарихындағы басты жаңалықтар. Бұрын компанияның тыныс-тіршілігі туралы фильмдер дайындалған, олар деректі фильмдер болатын. Ал, мына формат алғаш рет қолға алынып отыр. Көркем фильм түсіру біраз уақытты алады, жылдар бойы жүзеге асады. Біз аз уақыттың ішінде компанияның 100 жылдық тарихын қамтыған көркем-деректі фильм дайындап, көрермен назарына ұсындық. Компанияның ғасырлық тарихы актерлардың шынайы ойыны арқылы көрініс тапты. Оған республикалық және өзіміздің жергілікті актерлар да тартылды. Фильм 10 сериядан тұрады, әр серияның уақыты 5 минут.

*- Мерекелік бағдарлама барлық салаға арналды, жан-жақты болды. Өнер де, мәдениет те, қайырымдылық шаралары да, спорт саласы да назарда болды.*

- Атырау облысының үш ауданында төрт бірдей көпфункционалды спорт алаңдары іске қосылды. Компанияға қарасты мұнай-газ өндіру басқармалары орналасқан Қызылқоға мен Мақат, Исатай аудандарында отандық компанияның демеушілігімен ел игілігіне тарту етілген спорт алаңдары жұртшылық арасында салауатты өмір салтын дамыту түсуге жол ашатын мүмкіндік деп бағалаймыз.

*- Атырау қаласының Исатай-Махамбет орталық алаңында Open air «Мұнайлы өлке шамдары» атты ауқымды концерттің ұйымдастырылуы – атыраулықтарды бір серпілтіп тастады. Әлемдік пандемиядан кейін осындай ауқымды шараға атыраулықтардың шөліккеп қалғанын байқадық.*

- Иә, біздер осындай тамаша шараға шын мәнісінде шөліккеп қалыппыз. Аталған концертке 15 мыңға жуық көрермен қатысты. Керемет шара өтті. Жергілікті халықтың алған әсерін сөзбен жеткізу мүмкін емес.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ компаниясының құрылғанына 100 жыл толуына орайластырылған салтанатты жиынға қатысуы бұл шараның мәнін асыра түсті. Үкімет басшысы ҚР Президентінің атынан 25 ардагер мен сала қызметкерлеріне түрлі мемлекеттік наградалар табыс етуі де ембіліктердің жасампаз еңбектеріне көрсетілген үлкен құрмет.

Отандық мұнай өндіруші компанияның ғасырлық тойына қысқаша шолу жасау мақсатындағы сұхбатымыз жаңа жыл мерекесінің қарсаңында болып отыр. Сұхбатты пайдалана отырып, оқырмандарымызды мерекемен құттықтаймын. Аспанымыз ашық, еліміз тыныш болғай.

*- Сұхбатыңызға рахмет!*





**Жол қауіпсіздігі**

## КӨЛІКТІ ҚАУІПСІЗ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

**«Ембімұнайгаз» АҚ-да көлікті қауіпсіз басқаруды ұйымдастыру бағытында жиын өтті. Оған компанияға қарасты барлық басқармалардағы жауапты мамандар мен Ембі өндірісін транспорт жүйесімен қамтамасыз ету бағытындағы мердігер мекемелердің өкілдері қатысты.**

Жиында жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші алдыңғы жылдармен салыстырмалы түрде баяндалып, оның себептері де ашып айтылды. Өндіріс алаңдарындағы жол-көлік оқиғаларының тікелей себептері мен салдары бойынша дайындалған слайдтарда мәселе егжей-тегжейлі айтылды. Шара барысында жол қауіпсіздік ережелерін бұзу, көлік жүргізушісінің сақтық талабын өз деңгейінде орындамауы, автокөліктегі GPS датчиктерінің кей кездерде талапқа сай көрсетпеуі, жолаушылардың тарапынан қауіпсіздік белдігін тағу үнемі сақтала бермейтіндігі, соның салдарынан орын алатын келеңсіз жәйттар жан-жақты баяндалды.

Бас қосуда жол оқиғалары бойынша келеңсіз жәйттармен қатар, нәтижесін тапқан игі шаралар да айтылды. Нақтыласақ, «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2020 жылы іске қосылған «Сапарларды басқару» жобасы бүгінгі таңда қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, жол-көлік оқиғаларының алдын алуда, автокөлік құралдарының қызмет ету мерзімінің ұлғайтуда, техникалық қызмет көрсету және көліктердің тоқтап қалу шығындарының төмендетуде өзінің тиімділігін көрсетіп те үлгерді. Қазіргі таңда аталмыш жоба «ҚазмұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты өзге еншілес мекемелері арасында кеңінен тарату қолға алынғалы отыр.

Жиын барысында ұсыныс-пікірлерге де кезек берілді. Жиынға қатысушылар Ембі өндірісінің шашыраңқы орналасқандығы, кен аралық жолдардың сапасыздығы,

соның салдарынан жұмысшыларды тасымалдауға шығатын көліктердің ескілігін тілге тиек етті. Мәселені тарқата түссек, доссорлық маман басқармаға қарасты Қошқар, Қарсақ, Ботакан сынды кеніштердің жолдарының сапасыз болуынан мердігер мекемелер ескі көліктерін шығаруға мәжбүр. Көлік сапасын жақсарту, өзге транспортпен алмастыру бірнеше рет мердігер мекеменің басшыларына ескертілген. Бұл орайда, тапсырыс беруші мен мердігер мекеме арасында жасақталған келісім-шарттың талабында көрсетілгендей Ембі өндірісінде жұмысшыларды тасымалдауға жайлы автобустар тартылуы тиіс. Алайда, мердігер мекеме басшылығы сапасыз жолдарға жайлы автобустардың шыға алмайтындығын алға тартады. Яғни, жұмысшылар тасымалына жайлы көлік шығару үшін алдымен жолдың сапасын дұрыстау керек деген ембілік мамандар, мәселенің тиісті шешімін табуын ҚМГ-дан келген жауапты мамандарға жолдады. Бұдан өзге жиында айтылған тағы бір проблемалық мәселе – мердігер мекемелерде жұмыс істейтін көлік жүргізушілерінің айлық жалақыларының төмендігі. Бұл мәселе көрші Маңғыстау облысында тиісті шешімін тапқан.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның транспорт бойынша қызмет көрсететін мердігер мекемелерде көлік жүргізушілердің жалақыларының мардымсыздығынан мамандар жиі алмасады. Соның салдарынан, көлік рөліне тәжірибесіз мамандар отыратын да жәйттар кездеседі. Мұндай жағдайда жол қауіпсіздігін сақтау ережесі талапқа сай болмауы орын алатыны сөзсіз.

Осы және де басқа орын алған проблемалық мәселелер кеңінен айтылған жиында жол-көлік оқиғаларынан сақ болу үшін, ең алдымен, жолда жүру мәдениетін қалыптастыруды дамыту керек деген түйінге келді. Осы бағытта жұмысты жандандыру бойынша нақты тапсырмалар да берілді.

**Социум**

## С ПОЧЕТОМ - НА ЗАСЛУЖЕННЫЙ ОТДЫХ



**Блок заместителя генерального директора по кадровым и социальным вопросам проводил с почетом на заслуженный отдых специалиста отдела по административно-хозяйственным вопросам Мурата Ахметова.**

Почти 20 лет своей жизни Мурат Кошенович посвятил административно-хозяйственному блоку АО «Эмбаунайгаз». Одним из ответственных и в тоже время ярких периодов его трудовой деятельности стала сдача старого здания и приемка нового офиса компании. Несмотря на совершенно новые и высокие требования к технологической оснащенности здания, Мурату Кошеновичу

совместно с коллегами по хозяйственным вопросам удалось в обозначенные сроки начать эксплуатацию нового объекта и создать все надлежащие условия для работы сотрудников «Эмбаунайгаза».

В любое время суток на связи, ответственный и оперативный, коммуникативный, знающий свое дело – такими эпитетами охарактеризовали Мурата Кошеновича его коллеги. Помимо слов благодарности, они вспомнили и незабываемые моменты из совместной трудовой деятельности.

Теплые пожелания крепкого здоровья, долгих лет жизни и семейного благополучия в адрес новоиспеченного пенсионера выразила

заместитель генерального директора по кадровым и социальным вопросам Гульбану Шарфетдинова.

Со словами признательности к коллективу обратился и сам Мурат Ахметов: «По состоянию здоровья я решил уйти на заслуженный отдых досрочно, благодаря программе поддержки сотрудников АО «Эмбаунайгаз». Очень горжусь, что работал с вами в одном большом коллективе. Годы моей работы в нашей компании хоть, порою и были нелегкими, но стали самыми насыщенными, памятными и плодотворными. Я желаю вам успехов в труде, семейного счастья, благополучия и самое главное здоровья».





## БИЛЬЯРД ЖАРЫСЫ

### ЕМБІМҰНАЙГАЗ АҚ-НЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ



Жуырда серіктестік байланысты нығайту, достық қарым-қатынасты жетілдіру мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ, NCOS, «Теңізшевройл» ЖШС, Каспий құбыр консорциумы компаниялары қызметкерлерінің арасында бильярдтан турнир өтті.

Тек қызметте емес, интеллектуалды ойында да мықтылар сынға түсіп, жарыс 13 сағатқа созылды. Нәтижесінде командалық есеп бойынша ембіліктер I орынды жеңіп алды. Екінші орынды «ҚазТрансОйл» АҚ командасы еншілесе, NCOS компаниясының қызметкерлері III орынға тұрақтады.

Айта кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ құрамында Мақсат Жылқайдаров, Таңат Сәрсенов, Талғат Әбілов, Фабиден Шанханов және Жолдас Ильясовтар өнер көрсетті.

Сондай-ақ, жарыс барысында түрлі аталымдар бойынша үздіктер анықталды. «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясы бойынша Ким Андрей (NCOS) ерекшеленді.

«Көрермен көзайымы» номинациясы Қуан Құлмағамбетовке («ҚазТрансОйл» АҚ командасы) табысталды.

«Ең жасы үлкен ойыншы» номинациясымен Павел Феклистов (Каспий құбыр консорциумы) марапатталса, «Жедел партия» номинациясына Жасылан Құрманғалиев (АМӨЗ) лайық деп танылды.

Әріптестерімізді жеңістерімен құттықтаймыз!



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері! «Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz  
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы  
Әлеуметтік саясат және әкімшілік  
қамтамасыз ету  
департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Ғ.Шарафетдинова - Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.